

Арал теңізі айдыны проблемалары жөніндегі Мемлекетаралық Кеңес құрамы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1995 жылғы 6 наурыздағы N 88-р Өкімі

Арал теңізі мен Арал өңірі проблемаларын шешу жөніндегі Орталық Азия мемлекеттерімен бірлескен іс-қимыл жөніндегі жұмыстарды үйлестіру, Арал аймағын экологиялық сауықтыру мен әлеуметтік-экономикалық қамтамасыз ету және Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы дирекциясымен өзара іс-қимыл ж а с а у м а қ с а т ы н д а :

1. Арал теңізі айдыны проблемалары жөніндегі Мемлекетаралық Кеңес құрамына Қазақстан Республикасынан мыналар енгізілсін:
Есімов А.С. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің о р ы н б а с а р ы ;
Қыпшақбаев Н.Қ. - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитеттің т ө р а ғ а с ы
Медведев С.А. - Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрі
Сағадиев К.Ә. - Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының президенті (келісім бойынша)
Шаухаманов С.Ш. - Қызылорда облысының әкімі

2. Халықаралық Аралды құтқару қоры басқармасының құрамына енгізу үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С. Павловтың және Қазақстанның мемлекеттік Даму банкінің төрағасы Б.І.Ізтілеуовтың кандидатуралары бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитет пен Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі Қызылорда облысының әкімімен бірлесіп, екі ай мерзім ішінде Арал теңізі мен Арал өңірі проблемалары жөнінде, сондай-ақ Арал жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық кеңесін құру туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулысының ж о б а с ы н ә з і р л е с і н .

Премьер-министр